



Жас мамандармен жұмыс жоспары 2023 – 2024 оқу жылы

Мақсаты: жас мамандарға педагогика мен психология саласында теориялық және практикалық мәселелер бойынша әдістемелік көмек пен жеке кеңестер беруді өткізуді ұйымдастыру. Жас мамандарды педагогикалық ізденістерге үйрету, ұстаздық шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қойылатын талаптарды меңгерту.

Міндеттері:

- оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;
- жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;
- педагогикалық жаңашылдықты үйрену, меңгеру және дамыту.

Жас мамандармен жұмыс				
№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрі	Жауаптылар	Мерзімі
1.	№1-отырыс. 1. Тәлімгер мен жас мамандар жұмысының жеке жоспарлары. 2. Жас мамандарды ұжымның қызметі және ережелерімен таныстыру. 3. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге қатысты нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру, талқылау. 4. Топтардағы құжаттарды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету.	Отырыс	тәлімгерлер	Қазан
2.	№2-отырыс. 1. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларына мониторинг жүргізуді үйрету. 2. Тәрбиелеу циклограммасын жоспарлау. Балалармен бір күн ішіндегі іс-әрекетті тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру. 3. Шығармашыл ұстаздардың ҰІӨ-не жас мамандардың қатысуы. 4. Жас мамандар жұмыстарының қажеттіліктеріне байланысты кеңестер.	Дөңгелек үстел	тәлімгерлер	Желтоқсан
3.	№3-отырыс. 1. Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге керекті көрнекілік құрал- жабдықтарды, дидактикалық материалдарды дайындауға көмектесу. 2. Ата-аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер.	Практикалық жұмыс	тәлімгерлер	Наурыз
4.	№4-отырыс. 1. Портфолио жинақтау. 2. Жас мамандардың іс-шараларын қарау. 3. Жұмыс қорытындысын шығару. Жас мамандармен сұхбаттасу, кәсіби жетістіктерін бағалау мақсатында сауалнама жүргізу.	Ашық көрсетілім	тәлімгерлер	Сәуір